

- қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
12-қосымша

**Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған
«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде)**

Түсінік хат

«Қазақ тілі» оқу пәнінің оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын іске асыруды, базалық құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер арқылы білім алушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бастауыш білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының қазақ тілінің ана тілі ретіндегі маңызын түсінуіне ықпал ету, тілді құндылық ретінде танып, қарым-қатынаста тілдік нормаларды сауатты қолдануына, өз ойын сөйлеу мәдениеті талаптарына сай жеткізе білуіне мүмкіндік жасау.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің міндеттері:

- 1) қазақ тілінің дыбыстық, мағыналық, грамматикалық ерекшелігі туралы алғашқы тілдік (лингвистикалық) ұғымдарды меңгерту;
- 2) білім алушының сөздік қорын молайту;
- 3) тілдік дағдылар (диалогтік сөйлеу, көпшілік алдында сөйлеу, топтық қарым-қатынасқа түсу, жазбаша қарым-қатынас) мен сөйлеу әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту;

4) түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында негізгі этикет нормаларын орнымен қолдануға баулу, білім алушылардың тілді дүниетанымдық, тәрбиелік тұрғыдан тану мүмкіндіктерін кеңейту, «үлкенге құрмет, кішіге ізет» мәдениетін санаға сіңіру;

5) командада ынтымақтаса әрекет етуге, бір-бірін тыңдауға және ортақ мақсатқа жетуге, басқаларға құрметпен қарауға үйрету;

6) өтілген тілдік ұғым-түсініктерге талдау жасауға; салыстырып, жинақтай білуге дағдыландыру;

7) мәтіннің құрылымын, тақырыбын талдау; тыңдағанын, оқығанын, түсінгенін, ойлағанын жоспарлай алу; өз ойларын ауызша, жазбаша еркін жеткізу дағдысын қалыптастыру;

8) ана тілінің маңыздылығы мен ұлттық құндылығын сезіндіру арқылы тілді құрметтеу және мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;

9) қазақ тіліне шынайы сүйіспеншіліктерін, функционалдық сауаттылықтарын жетілдіру;

10) байланыстырып сөйлеуін, креативті ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

11) орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсінігін қалыптастыру;

12) білім алушының бойында ұлттық, рухани-мәдени, ел-жер байлығы, адамгершілік, эстетикалық, Қазақстандық патриотизм, саламаттық құндылықтарды қалыптастыру;

13) ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

Құндылықтарға негізделген оқу бағдарламасының мазмұны тәрбиелік, білімдік және дамытушылық мақсаттардың бірлігінде іске асырылып, білім алушының қазақ тілі туралы білімінің толығыын, игерген тілдік дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас құралы ретінде қолдануын қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «тәуелсіздік және патриотизм», «бірлік пен ынтымақтастық», «әділдік пен жауапкершілік», «заң және тәртіп», «еңбекқорлық және кәсіпқойлық», «жасампаздық және жаңашылдық» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына көмектеседі.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

1. Оқу жүктемесінің көлемі:

1) 2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

2) 3-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат;

3) 4-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

2. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша жазба жұмыстарының көлемі:

1) сөздік диктант – 2-сыныпта 5-7 сөз, 3-сыныпта 9-12 сөз, 4-сыныпта 12-15 сөз;

2) диктант – 2-сыныпта 25-30 сөз, 3-сыныпта 35-50 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз;

3) мазмұндама мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 40-60 сөз, 3-сыныпта 60-80 сөз, 4-сыныпта 80-100 сөз;

4) шығарма мәтінінің көлемі – 2-сыныпта 25-35 сөз, 3-сыныпта 35-55 сөз, 4-сыныпта 55-70 сөз.

3. Грамматикалық және лексикалық минимумға қойылатын талаптар:

«Қазақ тілі» оқу пәні бастауыш сынып білім алушысына ең алдымен тілдің жүйелік ерекшелігін меңгертуге қызмет етеді. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын лингвистика ғылымының қарапайым негіздері құрайды.

«Қазақ тілі» оқу пәнінен білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарына басымдық беріледі.

Бастауыш сыныпта қазақ тілінің сөз байлығын дамытуға, дұрыс айту, дұрыс жазу нормаларын меңгертуге баса назар аударылады. Осы мақсатта әдеби тілдік норма білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып, функционалдық тұрғыдан ұсынылады.

«Қазақ тілі» оқу пәні мазмұнында тақырыптар аясында ұсынылатын мәтін көлеміне қойылатын талаптар:

2-сынып	3-сынып	4-сынып
25-35 сөз	35-55 сөз	55-70 сөз

«Қазақ тілі» пәнінің оқу процесін ұйымдастыру білім мен тәрбиенің біртұтастығы, білім алушының жас ерекшелігіне сәйкестігі, оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік дидактикалық ұстанымдарына негізделеді.

Оқу процесінде білім алушының өз білімін өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын, функционалдық сауаттылығын, құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған практикалық, шығармашылық, зерттеушілік іс-әрекеттер және тәжірибелер белсенді қолданылады.

Оқу процесін ұйымдастыру заманауи білім беру технологиялары мен ресурстарын, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Оқу процесі білім алушылардың ынтасын, білімге құштарлығын арттыратын, эмоционалдық көңіл-күйіне, денсаулығына оң ықпал ететін әдіс-тәсілдер ойын арқылы іске асырылады.

4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімдеуді көздейді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

5. 2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: сөйлеудің адам өміріндегі маңызы мен қажеттілігі; дауыс күші, сазы – ауызекі сөйлеудің мәнерлеуші құралдары; ауызекі сөйлеу кезіндегі қимыл мен ым-ишара; диалог, монолог;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттарға байланысты сұхбаттасын тындау, сөйлеу мәдениетін сақтау; амандасу, қоштасу, өтініш білдіру, тілек айту, алғыс айту жағдаятында қолданылатын сөздер;

3) фонетика, графика, емле: 1-сыныпта өткенді қайталау (дыбыс және оның түрлері; жуан және жіңішке дауысты дыбыстар, олардың емлесі; буын және тасымал); у дыбысы, сөз ішінде у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болып келуі; у әрпінің емлесі; и дыбысы, и – дауысты, й – дауыссыз дыбыс екені; и – дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке болатыны; и, й әріптерінің емлесі; я, ю әріптерінің жазылуы; дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні; б, п дыбыстары; б және п әріптерінің емлесі; қ, ғ және к, г дыбыстары; қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты ы, і дыбыстары жалғанса, олардың ғ, г дыбыстарына айналуы; л, р дыбыстары; л, р әріптерінің емлесі; н, ң дыбыстары; н, ң дыбыстарының айырмашылығы және емлесі; сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту: бүгін – бүгүн, түтін – түтүн, көсек–көсеу);

4) мәтін: мәтін туралы түсінік; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтіннің құрылымын байқату: мәтіннің басқы, ортаңғы (негізгі), соңғы (қорытынды) бөліктері болатыны; мәтіндегі азат жолдың (абзац) рөлін байқату; жазу кезінде азат жолды сақтап жазу дағдысын қалыптастыру; мәтіндегі сөйлемдердің байланысы, мәтін түрлері: әңгімелеу, сипаттау, пайымдау;

5) сөйлем: сөйлем туралы 1-сыныпта өткенді қайталау; сөйлемнің анықтамасы, мәтіннен сөйлемдерді ажырату; сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем; сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері; сөйлемдегі сөздердің байланысы: сұрақ қою арқылы сөйлемнің ішінен бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу;

6) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы 1-сыныпта берілген білімді еске түсіру (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздер); мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздердің мағыналарын ажырата білу; берілген тақырып, сұрақ бойынша қажетті ақпараттарды дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедиялық) табу;

7) сөз құрамы: сөздің түбірі мен қосымшасы туралы алғашқы түсінік; қосымшаның жұрнақ және жалғау болып екіге бөлінетіні; жұрнақ пен жалғаудың өзіндік белгілері;

8) сөз таптары: сөздердің мағынасына және қандай сұраққа жауап беретініне қарай бөлінетін топтары туралы 1-сыныпта берілген тақырыптарды қайталау (заттардың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздер); зат есім, оның мағынасы, сұрақтары; жалқы есім және жалпы есім; жалқы есімнің емлесі; зат есімнің жекеше және көпше түрлері; етістік, оның анықтамасы, сұрақтары; дара және күрделі етістіктер; сын есім, оның анықтамасы, сұрақтары; сан есім, оның анықтамасы, сұрақтары;

9) шығармашылықпен жұмыс: тілдік ұғымдарды танытуда тәжірибелік жұмыстарды қолдануға бағытталған тапсырмалар; мәтін мазмұны бойынша

сұрақтар құрастыру; зерттеу жұмыстарына бейімдейтін шығармашылық тапсырмалар; өмірлік тәжірибеге үйрететін жағдаяттық тапсырмалар;

10) жыл бойы өткенді қайталау.

6. 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: сөйлеу туралы берілген білімді кеңейту; сөйлеу мәнерлілігі: дауыс ырғағының сөйлесу жағдайына сәйкес болуы; ауызекі және жазба тілде сөйлеу ерекшеліктері;

2) сөйлеу мәдениеті: өтіну, тілек білдіруге байланысты сөздерді пайдалану; ауызекі және жазба тілде шақыру, құттықтау; түрлі жағдаяттағы қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу; өзгенің пікіріне өз көзқарасын білдіруде тілдік және этикалық нормаларды сақтау;

3) фонетика, графика, емле: 2-сыныпта өткенді қайталау: и, у дыбыстары, дауыссыз дыбыстардың түрлері, емлесі; э, ф, в, ц, ч, ш дыбыстарының ерекшеліктерін меңгерту; бұл дыбыстарды дұрыс айтып, сауатты жазуға дағдыландыру; ф дыбысы мен әрпінің ерекшелігін таныту, салыстыру; ч, ш дыбыстары мен әріптері; х, һ дауыссыз дыбыстары, олардың айтылу ерекшеліктері; х, һ дыбыстары қатысты сөздердің емлесі; сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту: сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл;

4) мәтін: мәтін туралы 2-сыныпта өтілгенді қайталау; әңгімелеу мәтіні; сипаттау мәтіні; пайымдау мәтіні; мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау; мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтіндерге салыстырмалы талдау; ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін салыстыру;

5) сөйлем: сөйлем туралы 2-сыныпта берілген білімді қайталау; сөйлем мүшелері; тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер; бастауыш пен баяндауыштың байланысы; бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша; жалаң және жайылма сөйлем; үлгі сызба, сұрақ бойынша сөйлем құрау; қаратпа сөз және оның тыныс белгісі;

6) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы 2-сыныпта берілген ұғымды еске түсіру; синоним; антоним, омоним; күнделікті өмірде жиі кездесетін тұрақты сөз тіркестерімен таныстыру; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) берілген тақырып, сұрақ бойынша алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау;

7) сөз құрамы: сөз құрамы жайында 2-сыныпта өтілген ұғымдарды қайталау (сөз құрамына талдап, түбір мен қосымшаны, сөзге қосымшаның қай түрі жалғанып тұрғанын ажырату); түбір сөз және туынды сөз; туынды сөз жасайтын жұрнақтар; түбірлес сөздер; қосымшалардың емлесі: қосымшалардың сөздегі соңғы буынмен үндесіп жалғануы; қосымша жалғанғанда, кейбір сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі немесе түсіп қалуы туралы түсінік;

8) сөз таптары: сөз таптары туралы берілген ұғымды қайталау; зат есім туралы 2-сыныпта өтілген материалды еске түсіру; негізгі және туынды зат есім; зат есімнің тәуелдік жалғауы, оның жекеше және көпше түрлері; тәуелдік

жалғаудың емлесі; етістік туралы берілген білімді еске түсіру; негізгі және туынды етістік; болымды және болымсыз етістік; сын есім жайында берілген білімді еске түсіру; негізгі және туынды сын есім; сын есімнің салыстырмалы шырай жұрнақтарымен таныстыру; сан есім туралы берілген білімді еске түсіру; есептік және реттік сан есімдер;

9) шығармашылықпен жұмыс: мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру; тілдік ұғымдарды танытуда тәжірибелік жұмыстары қолдануға бағытталған тапсырмалар; зерттеу жұмыстарына бейімдейтін шығармашылық тапсырмалар; өмірлік тәжірибеге үйрететін жағдаяттық тапсырмалар; болжам жасауға үйрететін тапсырмалар; белгілі тақырыпқа пікірталасқа түсу тапсырмалары; ізденіске жетелейтін шығармашылық тапсырмалар;

10) жыл бойы өткенді қайталау.

7. 4-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсініктерін кеңейту; сөйлеудің адамдардың сезіміне, іс-әрекетіне әсері; тірек сөздер мен жоспар арқылы монолог құрау;

2) сөйлеу мәдениеті: сөйлеу әдептілігі бойынша берілген ұғымды кеңейту; ауызекі және жазба тілде кешірім сұрауға немесе келіспегенін білдіруге қажетті сыпайы сөздерді қолдану; сұхбаттар, интонация, вербалды емес тілдік құралдар;

3) фонетика: буын үндестігі туралы түсінік: дауысты дыбыстардың сөз ішінде жуан-жіңішкелігіне қарай үндесіп айтылуы және жазылуы; буын үндестігіне бағынбайтын кейбір кірме сөздер мен жұрнақтар; дыбыс үндестігі туралы түсінік: түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болып келетіні; түбірдің соңғы дыбысы ұяң немесе үнді болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да ұяң не үнді болып сәйкестенуі; дауысты дыбыстың әсерінен түбірдің соңындағы қатаң дыбыстың ұяң не үнді болып өзгеруі;

4) мәтін: мәтін және оның түрлері туралы 3-сыныпта берілген тақырыптарды қайталау; мәтіннің құрылымын талдау; мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; пайымдаудың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін (дәлелденетін пікір, дәлелдеу пікірі, қорытынды пікір) анықтау; мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерді салыстырмалы талдау: бір тақырыпта түрлі жанрда (әдеби, ғылыми мәтін) берілген мәтіндерді салыстыру;

5) синтаксис: сөйлемге қатысты берілген білімді қайталап, жинақтау: сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері, сөйлем мүшелері, сөйлемдегі сөздердің байланысы; сөз тіркесі; жай сөйлем мен құрмалас сөйлем; бірыңғай мүшелер және оның тыныс белгісі; қыстырма сөз, оның тыныс белгісі;

6) күрделі сөз: күрделі сөз туралы жалпы түсінік; біріккен сөз, оның жасалуы; қос сөз және оның жасалуы; қос сөздердің мәні мен емлесі; қысқарған сөздер, оның жасалу жолдары, емлесі;

7) сөз және оның мағынасы: тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беру; мәтіндегі тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану; түрлі дереккөздерден (мәтін,

сөздік, сызба, кесте, диаграмма) берілген тақырыпты, қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын анықтау;

8) сөз таптары: зат есім; зат есімнің септелуі; септік жалғауының аттары мен септелуі; септік жалғауының емлесі; тәуелденген сөздердің септелуі; зат есімнің жіктелуі; жіктік жалғаулары, олардың жекеше, көпше түрлері; етістік; етістіктің жіктелуі; жекеше және көпше жіктеу үлгілері; етістіктің шақтары; осы шақ; өткен шақ; келер шақ; сын есім; сын есімнің дара және күрделі түрлері, олардың емлесі; қарсы мәндес сын есімдер; сан есім; дара және күрделі сан есімдер, емлесі; есімдік туралы жалпы түсінік; жіктеу есімдіктері, олардың септелуі; үстеу туралы түсінік; шылау туралы түсінік, олардың мәні; шылау мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы; одағай сөздер және олардың емлесі; еліктеуіш сөздер туралы түсінік, олардың мәні мен емлесі;

9) шығармашылықпен жұмыс: зат, құбылыс, нәрселерді сипаттау арқылы мәтін, жұмбақ немесе белгілі бір мақсатта әңгіме жазу; тілдік ұғымдарды танытуда тәжірибелік жұмыстары қолдануға бағытталған тапсырмалар; зерттеу жұмыстарына бейімдейтін шығармашылық тапсырмалар; өмірлік тәжірибеге үйрететін жағдаяттық тапсырмалар; өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу тапсырмалары; қарапайым сауалнамаларға жауап беру; нұсқаулық жазу; ізденіске жетелейтін шығармашылық тапсырмалар;

10) жыл бойы өткенді қайталау.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

8. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын меңгертуде білім алушылардың пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру оқу мақсаттарында қарастырылады.

9. Оқу мақсаттары:

1) тыңдалым мен айтылым:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; 2.1.1.2 түсініксіз сөздермен жұмыста	3.1.1.1 тыңдаған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; 3.1.1.2 түсініксіз сөздермен жұмыста оқулықтағы сөздікті,	4.1.1.1 тыңдаған мәтін бойынша негізгі тұстарын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту; 4.1.1.2 түсініксіз сөздермен жұмыста сөздіктерді, анықтамалықтарды

	оқулықтағы сөздікті қолдану	анықтамалық материалдарды қолдану	қолдану
1.2 Мәтін мазмұнын болжау	2.1.2.1 тақырып пен тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; 2.1.2.2 берілген тақырып және тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру	3.1.2.1 тақырып пен сурет, фото, диаграммалар арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; 3.1.2.2 әртүрлі дереккөздер негізінде (өз байқағаны, қиялы бойынша, сюжетті суреттер, мақал- мәтелдер) мәтін құрастыру	4.1.2.1 тақырып пен диаграмма, сызба, кесте арқылы мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; 4.1.2.2 суретшілердің картиналары (оқулықта берілген) бойынша мәтін құрастыру
1.3 Түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу; 2.1.3.2 өз әрекетінің нәтижесін мұғаліммен және сыныптастарымен бірге бағалау, түзетулер енгізу	3.1.3.1 түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу; 3.1.3.2 өзінің және өзгелердің әрекетін бағалау	4.1.3.1 сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу; 4.1.3.2 жағдаяттарға сәйкес өз әрекетін бақылау және қажетті түзетулер енгізу
1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздермен берілген тақырып бойынша әңгіме құрау; 2.1.4.2 мәтіннің алғашқы бөлігін (басы) тауып айту, аяқталмаған мәтінді жалғастыру	3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау; 3.1.4.2 дұрыс құрылмаған мәтінді қалпына келтіру	4.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, монолог құрау; 4.1.4.2 мәтінді дұрыс құрастыру және ойын дәл, әсерлі жеткізу

1.5 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру және оны дәлелдеу	3.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша әртүрлі көзқарастарды ескере отырып, өз пікірін білдіру және оны дәлелдеу (өзгенің пікіріне келісу/келіспеу себебін айту)	4.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға беру, өз пікірі мен көзқарасын дәл жеткізу
---	--	--	--

2) оқылым:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.1.1 сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/ пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау; 2.2.1.2 мәтіннің құрылымын (басы, негізгі бөлімі, соңы) сызбамен көрсету	3.2.1.1 тірек сөздер, көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау; 3.2.1.2 әңгімелеу және сипаттау мәтінінің құрылымын сызбамен көрсету	4.2.1.1 мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/ пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау; 4.2.1.2 пайымдау мәтінінің құрылымын сызбамен және көмекші сөздермен көрсету
2.2 Мәтіндегі лексикалық бірліктердің қолданылуын түсіну	2.2.2.1 синоним, антоним, омоним сөздерді ажырату және мағынасын түсіну; 2.2.2.2 синоним, антоним, омоним сөздерді сөйлеу барысында қолдану	3.2.2.1 тура және ауыспалы мағыналы, көп мағыналы сөздердің мағынасын ажырата білу, сөйлеу барысында қолдану; 3.2.2.2 сөздерді мағынасына қарай топтастыру	4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестерін еркін сөз тіркестерінен ажырата білу, тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіну; 4.2.2.2 тұрақты сөз тіркестерін сөйлеу барысында қолдану
2.3 Мәтін мазмұны бойынша	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге	4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға

сұрақтар қою және жауап беру	бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 2.2.3.2 сөйлеу жағдаятына сәйкес сұрақтар қою, басқалардың сұрағына жауап беру	бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.2.3.2 ынтымақтаса әрекет етуге қажетті сұрақтар қою	бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 4.2.3.2 өзгелердің пікірін ескеру және оған өз ойын білдіру
2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау	2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау; 2.2.4.2 реттелген нұсқаулар тізбегіне (оқулық тапсырмалары) сүйеніп, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау; 3.2.4.2 сұрақ қою және реттелген нұсқаулар тізбегі (анықтамалық материалдары) арқылы мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; 4.2.4.2 тақырыптың және негізгі ойдың қысқаша атауы түрінде мәтінге ат қою
2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) ақпаратты табу; берілген тақырып, сұрақ бойынша ақпаратты іріктеп алу; 2.2.5.2 қажетті ақпаратты оқулық сөздіктерінен (қиын сөздердің түсіндірме сөздігі, орфографиялық сөздік) табу	3.2.5.1 берілген тақырып, сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) қажетті ақпаратты табу; 3.2.5.2 қажетті ақпаратты оқулық сөздіктері (қиын сөздердің түсіндірме сөздігі, орфографиялық сөздік) мен форзацынан іздеу	4.2.5.1 дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта, диаграмма) қажетті ақпаратты табу; 4.2.5.2 тілдік тақырып бойынша берілген графикалық ақпаратқа сүйеніп, шағын хабарлама жасау
2.6 Мәтіндерге салыстырмал	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта	3.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта	4.2.6.1 белгілі бір тақырыпта берілген мәтіннің

ы талдау жасау	жазылған мәтіндердің жанрын анықтау; 2.2.6.2 мәтіндердің тақырыбын салыстыру, оларды мәтін түріне ажырату	берілген көркем және ғылыми-танымдық мәтіндердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу; 3.2.6.2 ортақ тақырыпта берілген мәтіндердің стилін (көркем мәтін, ғылыми-танымдық мәтін) ажырату	түрлерін, жанрын, стилін (мақала, репортаж, жаңалық, өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 4.2.6.2 мәтін түрлерін, жанры мен стилін ажырату
----------------	--	---	---

3) жазылым:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Мәтін түрлерін құрап жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке, сюжетті суреттер арқылы шағын әңгімелеу/сипаттау мәтіндерін құрап жазу; 2.3.1.2 реттелген нұсқаулар тізбегі (оқулық тапсырмалары мен анықтамалық материалдар) бойынша әңгімелеу мәтінін құрап жазу	3.3.1.1 жоспар, сызба, тірек сөздер арқылы әңгімелеу мәтінін, көмекші сөздер арқылы салыстыра сипаттау, пайымдау мәтіндерін құрап жазу; 3.3.1.2 реттелген нұсқаулар тізбегі (оқулық тапсырмалары мен анықтамалық материалдар) бойынша сипаттау мәтінін құрап жазу	4.3.1.1 берілген тақырып және тірек сөздер арқылы әңгімелеу, сипаттау және пайымдау мәтінін құрап жазу; 4.3.1.2 реттелген нұсқаулар тізбегі (оқулық тапсырмалары мен анықтамалық материалдар) бойынша пайымдау мәтінін құрап жазу
3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1 үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу; 2.3.2.2 ақпараттың қайда, қашан, не болғаны туралы	3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян, хабарландыру жазу; 3.3.2.2 тақырыбы, қашан болатыны, кімдерді	4.3.2.1 тірек сөздерді қолданып, белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме, сұхбат) жазу; 4.3.2.2 қашан?

	хабарлама жазу	шақыратыны, өтетін орны, уақыты, кімдер өткізетіні көрсетілген хабарландыру жазу	қайда? не? кіммен? қалай өтті? сұрақтары арқылы ақпараттық мақала жазу
3.3 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру; 2.3.3.2 кімді, немен, қалай құттықтайтынына ашықхат әзірлеу	3.3.3.1 мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтінді (хат, шақыру, нұсқаулық) құру/компьютерде теру; 3.3.3.2 кітапханада кітапқа тапсырыс беру нұсқаулығын фотосуреттер арқылы дайындау	4.3.3.1 мәтінді құруда (жаңалық, репортаж, жарнама) сызба, график, кесте, фото және диаграмманы қолмен сызу/компьютерде теру; 4.3.3.2 фотосуреттермен жарнама дайындау
3.4 Жазба бақылау жұмыстарын жазу	2.3.4.1 диктант және мазмұндама (мұғалімнің көмегімен) жазу, қатемен жұмыс жүргізу; 2.3.4.2 жазба жұмыстарында жіберген қателері мен жетістіктерінің себебін түсіну	3.3.4.1 диктант, мазмұндама, шығарма жазу, қатемен жұмыс жүргізу; 3.3.4.2 жазба жұмыстарындағы жетістіктері мен қателерінің себебін ұғыну, оны болдырмау жолдарын анықтау	4.3.4.1 диктант, мазмұндама, шығарма жазу, қатемен жұмыс жүргізу; 4.3.4.2 жазба жұмыстарындағы жетістіктері мен қателерінің себебін білу және бағалау
3.5 Каллиграфиялы қ нормаларды сақтау	2.3.5.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.3.5.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету	4.3.5.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру

3.6 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.6.1 сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлерінің тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) дұрыс қою	3.3.6.1 қаратпа сөзді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою; 3.3.6.2 мұғалім көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою	4.3.6.1 сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін қою; 4.3.6.2 қыстырма сөзді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою
--	--	--	---

4) тілдік нормалардың қолданысы:

Бөлімше	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Лексикалық нормаларды сақтау	2.4.1.1 сөз және оның мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану; 2.4.1.2 синоним, антоним, омоним сөздердің мағынасын түсіну	3.4.1.1 сөздің тура және ауыспалы мағыналарын ажырата білу, жиі қолданылатын тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіну (түсіндірме, фразеологиялық сөздікпен жұмыс); 3.4.1.2 синоним, омоним, антоним сөздердің мағынасын түсіну және ажырату	4.4.1.1 көп мағыналы сөздер, олардың мағынасын мәнмәтін бойынша ажырату; тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер, оларды сөйлеу барысында қолдану; 4.4.1.2 синоним, омоним, антоним сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану (синонимдер, омонимдер, антонимдер сөздіктерімен жұмыс)
4.2 Грамматикалық нормаларды	2.4.2.1 сөздің түбірі мен қосымшасын,	3.4.2.1 түбір сөз бен туынды сөзді, түбірлес сөздерді	4.4.2.1 күрделі сөз түрлерін білу, біріккен және қос

сақтау	қосымшаның түрлерін ажырату, көптік жалғауларын дұрыс қолдану; 2.4.2.2 сөз таптары туралы түсінігі болуы, зат есімді, оның жекеше және көпше түрін ажырату; жалпы есім мен жалқы есімді айыру, олардың жазылу емлесін білу қолдану; 2.4.2.3 етістік туралы білу, дара және күрделі етістіктерді ажырату; 2.4.2.4 сын есімнің мағынасын, сұрақтарын білу; 2.4.2.5 сан есімнің мағынасын, сұрақтарын білу; 2.4.2.6 зат есімнің орнына қолданылатын сөздерді анықтау (есімдік, терминсіз); 2.4.2.7 сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлерін ажырату; хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің тыныс белгілерін дұрыс қою; сұрақ қою арқылы сөйлемдегі сөздердің	ажырату, қосымшалардың емлесін білу; 3.4.2.2 зат есімнің негізгі және туынды түрін анықтау, зат есімнің тәуелдік жалғауларын білу және дұрыс қолдану; 3.4.2.3 етістіктің негізгі, туынды және болымды, болымсыз түрлерін ажырату; 3.4.2.4 сын есімнің негізгі және туынды түрлерін ажырату, сын есімнің шырай жұрнақтарын қолдану; 3.4.2.5 сан есімнің есептік және реттік түрлерін ажырату, реттік сан есімнің жасалу жолдары мен емлесін білу; 3.4.2.6 зат есімнің орнына қолданылатын сөздерді ажырату және қолдану (есімдік, терминсіз); 3.4.2.7 сөйлем мүшелерін білу, сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін ажырату, бастауыш пен	сөздерді ажырата алу, олардың емлесін білу; қысқарған сөздердің жасалу жолдары мен емлесін білу; 4.4.2.2 зат есімнің септелуін, тәуелдік жалғаудағы зат есімдердің септелу ерекшеліктерін білу; зат есімнің септік және жіктік жалғауларын ажырата алу және олардың емлесін білу; 4.4.2.3 етістіктің жіктік жалғауларын ажырата алу; етістіктің шақтарын білу және қолдану; 4.4.2.4 сын есімнің дара және күрделі түрлерін ажырату, қарсы мәндес сын есімдерді білу және қолдану; 4.4.2.5 сан есімнің дара және күрделі түрлерін ажырату; күрделі сан есімнің емлесін білу; 4.4.2.6 есімдік туралы жалпы түсінігі болу, жіктеу есімдіктерін ажырату және
--------	--	--	---

	байланысын анықтау; 2.4.2.8 тұтас мәтінді сөйлемдерге бөлу, сөйлемдердің ара жігін ажырату, сөздердің орналасу тәртібі бойынша, үлгі, сызба, суреттер бойынша сөйлемді дұрыс құрай алу	баяндауыштың арасына қандай жағдайда сызықша қойылатынын білу және қолдану; 3.4.2.8 жалаң және жайылма сөйлемдерді ажырату; үлгі, сызба, сұрақ бойынша сөйлем құрай білу; 3.4.2.9 қаратпа сөзді ажырата алу және оның тыныс белгісін дұрыс қою	олардың септелуі мен емлесін білу; 4.4.2.7 үстеу туралы білу, мезгілді, мекенді және сын-қимылды білдіретін үстеулерді ажырату; 4.4.2.8 шылаудың мағыналары мен қолданылуын білу; шылау мен оған тұлғалас қосымшалардың жазылу емлесін білу және дұрыс қолдану; 4.4.2.9 одағай сөздерді және оның тыныс белгісін білу және қолдану; 4.4.2.10 еліктеуіш сөздердің мағынасын түсіну, оның түрлерін ажырату, емлеге сай жазу; 4.4.2.11 сөйлемнің дара және күрделі мүшелерін ажырату, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін білу және олардың тыныс белгілерін дұрыс қою; 4.4.2.12 сөз тіркесі туралы білу, сөйлемдегі сөз тіркестерін табу, сөздерден сөз
--	---	--	--

			тіркесін құрай алу; 4.4.2.13 жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір- бірінен ерекшелігін білу; мәтіндегі сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін ажырату; құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қою; 4.4.2.14 қыстырма сөзді және оның тыныс белгісін білу
4.3. Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.3.1 сөздерді, дыбыстарды орфографиялық, орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту, жазу (бүгін – бүгүн, түтін- түтүн, көсеу – көсеу); 2.4.3.2 у, и, й я, ю, әріптерінің емлесін сақтап жазу; сөз соңындағы қатаң п, қ, к дыбыстарының жазылу емлесін меңгеру; дауыссыз л, р дыбыстарының емлесін сақтап жазу; н, ң дыбыстарын (ң дыбысы	3.4.3.1 дыбыстардың үндесуі, айтылуы мен жазылуы арасында айырмашылығы бар сөздерді ажырату(сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл); 3.4.3.2. э, в, ф, ц, ч, щ, х, һ, дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктерін білу, оларды емлеге сай жазу	4.4.3.1 дауысты дыбыстардың сөз ішінде жуан- жіңішкелігіне қарай үндесіп айтылатынын және солай жазылатынын білу; буын үндестігіне бағынбайтын кейбір кірме сөздер мен қосымшалардың емлесін меңгеру; 4.4.3.2 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді үндестік заңына сәйкес сауатты қолдану

	жазылатын сөздер, н дыбысының айтылуы) ажырата білу		
--	---	--	--

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 2.2.1.4 кодында: «2» – сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

Тыңдалым және айтылым, оқылым және жазылым сөйлеу әрекеттері бойынша екі оқу мақсаты: алғашқы оқу мақсаты – пәндік құзыреттілік, екінші оқу мақсаты (астындағы) метапәндік құзыреттілік бойынша берілген.

10. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

11. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға (оқыту қазақ тілінде) сәйкес іске асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар (оқыту қазақ тілінде)

1) 2-сынып:

Бөлім атауы	Құндылық, мазмұндық концепт	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі)	Бөлімше (түйінді дағдылар)	Оқу мақсаттары
1-тоқсан				
Тіл және сөйлеу Сөйлеу мәдениеті Фонетика, графика, емле	1.Сәлем – сөздің анасы (мәдениет) 2. Ана тілі – арың бұл (тіл) 3. Анамыздай тілеуі-ақ Отан бізде біреу-ақ! (отан)	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; 2.1.1.2 түсініксіз сөздермен жұмыста оқулықтағы сөздікті қолдану
			1.2 Мәтін мазмұнын болжау	2.1.2.1 тақырып пен тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын

				болжау; 2.1.2.2 берілген тақырып және тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру
			1.3 түрлі жағдаяттарда сөйлеу мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу; 2.1.3.2 өз әрекетінің нәтижесін мұғаліммен және сыныптастармен бірге бағалау, түзетулер енгізу
			1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздермен берілген тақырып бойынша әңгіме құрау; 2.1.4.2 мәтіннің алғашқы бөлігін (басы) тауып айту, аяқталмаған мәтінді жалғастыру
			1.5 Тыңдаған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру және оны дәлелдеу
		Оқылым	2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 2.2.3.2 сөйлеу жағдаятына сәйкес сұрақтар қою, басқалардың

				сұрағына жауап беру
			2.5 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) ақпаратты табу; берілген тақырып, сұрақ бойынша ақпаратты іріктеп алу; 2.2.5.2 қажетті ақпаратты оқулық сөздіктерінен (қиын сөздердің түсіндірме сөздігі, орфографиялық сөздік) табу
			2.6 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.6.1 мұғалімнің көмегімен ұқсас тақырыпта жазылған мәтіндердің жанрын анықтау; 2.2.6.2 мәтіндердің тақырыбын салыстыру, оларды мәтін түріне ажырату
		Жазылым	3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1 үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу; 2.3.2.2 ақпараттың қайда, қашан, не болғаны туралы хабарлама жазу
			3.3 Жазба жұмыстарын түрлі формада ұсыну	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым

				жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру; 2.3.3.2 кімді, немен, қалай құттықтайтынына ашықхат әзірлеу
			3.4 Жазба бақылау жұмыстарын жазу	2.3.4.1 диктант және мазмұндама (мұғалімнің көмегімен) жазу, қатемен жұмыс жүргізу; 2.3.4.2 жазба жұмыстарында жіберген қателері мен жетістіктерінің себебін түсіну
			3.5 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.5.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.3.	Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.3.1 сөздерді, дыбыстарды орфографиялық, орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту, жазу (бүгін – бүгін, түгін- түгін, көсеу – көсеу); 2.4.3.2 у, и, й я, ю, әріптерінің емлесін сақтап жазу; сөз соңындағы қатаң п, қ, к дыбыстарының жазылу емлесін меңгеру; дауыссыз л, р дыбыстарының емлесін сақтап жазу; н, ң дыбыстарын (н

				дыбысы жазылатын сөздер, н дыбысының айтылуы) ажырата білу
2-тоқсан				
Мәтін. Сөйлем	1. Білім – өмір шырағы (білім) 2.Отан отбасынан басталады (отбасы) 3.Әдепті бала – арлы бала (намыс, ар-ождан)	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; 2.1.1.2 түсініксіз сөздермен жұмыста оқулықтағы сөздікті қолдану
			1.2 Мәтін мазмұнын болжау	2.1.2.1 тақырып пен тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; 2.1.2.2 берілген тақырып және тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру
			1.3 Түрлі жағдаяттарда сөз мәдениетін сақтау	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу; 2.1.3.2 өз әрекетінің нәтижесін мұғаліммен және сыныптастар-мен бірге бағалау, түзетулер енгізу
			1.4 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрау	2.1.4.1 тірек сөздермен берілген тақырып бойынша әңгіме құрау; 2.1.4.2 мәтіннің алғашқы бөлігін (басы) тауып айту,

				аяқталмаған мәтінді жалғастыру
			1.5 Тыңдаған материал бойынша өз пікірін білдіру	2.1.5.1 аудио-бейнежазба мазмұнына өз ойын (ұнайды, ұнамайды, себебі ..., пайдалы, пайдасыз болды, себебі ...) білдіру және оны дәлелдеу
	Оқылым	2.1 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау		2.2.1.1 сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау; 2.2.1.2 мәтіннің құрылымын (басы, негізгі бөлімі, соңы) сызбамен көрсету
		2.3 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру		2.2.3.1 мәтін мазмұнын анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 2.2.3.2 сөйлеу жағдаятына сәйкес сұрақтар қою, басқалардың сұрағына жауап беру
		2.4 Мәтіннің тақырыбы және негізгі ойды анықтау		2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау; 2.2.4.2 реттелген нұсқаулар тізбегіне (оқулық тапсырмалары)

				сүйеніп, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
			2.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	2.2.5.1 дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) ақпаратты табу; берілген тақырып, сұрақ бойынша ақпаратты іріктеп алу; 2.2.5.2 қажетті ақпаратты оқулық сөздіктерінен (қиын сөздердің түсіндірме сөздігі, орфографиялық сөздік) табу
		Жазылым	3.1 Мәтін түрлерін құрап жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен жеке, сюжетті суреттер арқылы шағын әңгімелеу /сипаттау мәтіндерін құрап жазу; 2.3.1.2 реттелген нұсқаулар тізбегі (оқулық тапсырмалары мен анықтамалық материалдар) бойынша әңгімелеу мәтінін құрап жазу
			3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1 үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама жазу; 2.3.2.2 ақпараттың қайда, қашан, не болғаны туралы хабарлама жазу
			3.3 Жазба	2.3.3.1 мұғалімнің

